

Ақтау теңіз сауда портына халықаралық маңызы бар теңіз порты мәртебесін беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 шілдедегі N 768 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 544 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 03.09.2018 № 544 қаулысымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақтау теңіз сауда портына халықаралық маңызы бар теңіз порты мәртебесі берілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта аталсын.
3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды әділет органдарында мемлекеттік қайта тіркеуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң